

## Құрметті бұландылықтар! Қымбатты жерлестер!

Қазан айының екінші жексенбінде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі жандардың күні атап өтіледі. Бұл күні мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолдау, үлкен ықылас білдіргім келеді. Өзінің денсаулыққа байланысты мүмкіндіктеріне қарамастан, толыққанды өмір сүруді жалғастырып, аурумен күресетін әрбір адам ерекше құрметке лайық.

Жергілікті атқарушы биліктің міндеті – аудандағы мүмкіндігі шектеулі жандардың өздеріне тиесілі және қажетті әлеуметтік қолдаудың барлық шараларын пайдалануы, ең заманауи денсаулық сақтау, білім беру, мәдени және рухани дамуға қол жеткізуі, еңбекпен айналысуы, өз бизнесін ашып, қоғамға пайда әкелуі үшін барлық жағдай жасау. Қоғамда мүмкіндігі шектеулі жандарға деген ерекше көзқарасты қалыптастыруға бағытталған бастамаларды қолдау да біз үшін өте маңызды.

Біздің әрқайсымыз күнделікті өмірде мүмкіндігі шектеулі жандарға мұқият, оларға көмекке келуге дайын болуымыз қажет, олардың құқықтарын және қарапайым, толыққанды өмір сүру үшін күнделікті қиындықтарды жеңу керек екенін есте ұстауымыз керек.

Мен барлық дертіне қарамастан, қиындыққа мойымай, өз мақсатына табандылықпен қарайтын адамдарға шын жүректен алғыс айтамын. Сіздер біздің жерлестерімізге батылдықтың, төзімділіктің және өмірге деген сүйіспеншіліктің нағыз үлгісін көрсетудесіздер.

Татулықпенігілік, оптимизм, отбасыларыңызға, жақындарыңызға және достарыңызға адалдық туралы шын жүректен шыққан тілегімді қабыл алыңыздар!

А. СМАЙЫЛОВ, аудан әкімі.

\*\*\*

## Уважаемые бұландынцы! Дорогие земляки!

Во второе воскресенье октября в Казахстане отмечается день людей с инвалидностью. В этот день хотел бы обратиться к бұландынцам, имеющим ограниченные возможности по здоровью, со словами поддержки и огромного восхищения. Каждый, кто, несмотря на физические возможности, продолжает жить полноценной жизнью, бороться с недугом - заслуживает особого уважения.

Задача местной исполнительной власти - сделать все для того, чтобы лица с инвалидностью в районе пользовались всеми положительными и необходимыми им мерами социальной поддержки, имели доступ к самому современному здравоохранению, образованию, культурному и духовному развитию, могли заниматься собственным делом и приносить пользу обществу. Нам также очень важно поддерживать инициативы, направленные на формирование осознанного, чуткого отношения к инвалидам в обществе.

Каждый из нас в повседневной жизни должен быть внимателен к людям с ограниченными возможностями, должен быть готов прийти им на помощь, помнить об их правах и о том, что им приходится преодолевать житейские трудности, чтобы жить обычной, полноценной жизнью.

Я искренне восхищаюсь людьми, которые, вопреки всем недугам, не пасуют перед трудностями и упорно идут к намеченной цели. Вы подаете нашим землякам настоящий пример мужества, жизнестойкости и жизнелюбия.

Примите сердечные пожелания мира и добра, оптимизма, преданности родных, близких и друзей!

А. СМАИЛОВ, аким района.

## Акмолинские аграрии перешагнули 6-миллионный рубеж

Акмолинская область показывает высокие результаты в уборочной кампании, подтвердив свой статус ведущего аграрного региона страны, - сообщает областное Управление внутренней политики.

Местные аграрии намолотили более 6 миллионов тонн зерна. За годы Независимости такой результат был только в 2011 году, а за последние годы является наивысшим показателем по урожайности.

На сегодняшний день убрано 4,5 миллиона гектаров зерновых и зернобобовых культур, что составляет 96,1% от общей площади посевов. Средняя урожайность в регионе составляет 14 центнеров с гектара, однако в некоторых хозяйствах на отдельных полях, благодаря применению современных агротехнологий, урожайность достигает 60 центнеров с гектара. Среди таких лидеров — ТОО «Максимовское» (Сандыктауский район), ТОО «Дихан Плюс» (Зерендинский район) и ТОО «Журавлевка-1» (Буландынский район).

Многие крупные сельхозпроизводители

региона уже завершили уборочную кампанию.

По словам руководителя управления сельского хозяйства Кенеша Алимжанова, результат, достигнут благодаря плодотворному труду сельхозформирований, механизаторов, комбайнеров, а также государственной поддержке.

«На сегодняшний день акмолинские аграрии достигли высоких показателей, они не только укрепили продовольственную безопасность страны, но и продемонстрировали эффективность современных агротехнологий. Акмолинская область продолжает оставаться ключевым регионом в производстве зерновых культур, играя важную роль в экономике и сельском хозяйстве республики», - отметил руково-

дитель областного ведомства.

Для проведения уборочных работ в регионе задействовано 8,9 тысячи единиц зерноуборочной техники, включая 4,8 тысячи современных высокопроизводительных комбайнов, а также 2,6 тысячи жаток и 4,8 тысячи грузовых автомобилей.

В ближайшие дни регион завершит уборочную кампанию.



## Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы

Мерекеге арналып көркемделген зал, ұстаз туралы әсерлі әндер, жылы лебіздер мен жүрекжарды тілектер, қуанышқа толы жайдары жүздер... Осындай атмосферада, қалыптасқан дәстүр бойынша, Макинск қаласындағы мектеп-лицейде Ұстаздар күніне арналған мерекелік іс-шарада өз мәресіне жетіп, ұлағатты ұстаздар мен сала ардагерлеріне құрмет көрсетілді.

Аудан ұстаздарын аудан басшысы Ардақ Смайылов құттықтап, әрдайым мәдениеттің ұйытқысы болған ұстаздарға алғысын жеткізді. Іс-шараға Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің білім беру қызметін лицензиялау бөлімінің басшысы Манат Абильмаженов, депутаттар, мемлекеттік мекемелердің басшылары қатысты.

Мереке – адал еңбек үшін лайықты марапатпен ризашылық білдірудің ең жақсы

себебі. Марапаттау рәсімі бірнеше кезеңге бөлініп өткізілді: ұстаздарға марапаттарды аудан әкімі Ардақ Смайылов, аудандық білім бөлімінің басшысы Әлия Жолдығұлова және білім қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Қарлығаш Байтемірова тапсырды.

Ұстаздарға арналған керемет музыкалық құттықтаулар көрермендерді зор ықыласқа бөледі.

Керемет кездесу сөз бен өнердің мерейі ғана емес, ұстаздардың өмірдегі, қоғамдағы маңыздылығын көрсетуге мүмкіндік берді.



Жалғасы 3 бетте.

## Референдум-2024: страна поддержала строительство АЭС

Минувшее воскресенье для Казахстана стал важным днем в политической и общественной жизни – в этот день состоялся Республиканский референдум по вопросу строительства атомной электростанции. Гражданам предлагалось ответить на один вопрос – «Согласны ли вы со строительством атомной электростанции в Казахстане?».

С раннего утра на участки референдума начали приходить жители района. Погода в этот день была теплой и солнечной. На участки приходили семьями, в сопровождении детей и внуков. Следует отметить, что политическая сознательность граждан с каждым годом возрастает, ведь голос каждого важен в судьбе страны.

### Азаматтық ұстанымы жоғары отбасылар

Ауданымыздың белсенді тұрғындарының бірі

– Әбділдиндер отбасы дауыс беруге бала-немере, құдаларымен келді. Боранбай Айжанұлы және Рысхан Құрманғалиқызы Әбділдиндер өмірінің басым бөлігін мемлекеттік қызмет саласына арнаған, жоғары кәсіби маман иелері. Боранбай Айжанұлы – аудандық білім бөлімінің құрылыс-жабдықтау бойынша инженер маманы, ал Рысхан Құрманғалиқызы ауданның бас архитекторы лауазымын атқарып, қазіргі таңда зейнеткерлікке шыққан мемлекеттік саланың ардагері атанып отыр. Отбасы еліміздегі орын алатын әрбір саяси маңызы бар бастамаларға бей-жай қарамай, үнемі қоғамдық белсенділік танытып келеді.

Қазақ халқында «Отан отбасынан басталады» деген терең мағыналы сөз бар. Шындап келгенде, әрбір отбасы қоғамның бір бөлшегі, шағын Отан. Макинск қаласының тұрғындары – Қапажановтар отбасы қандай іс-шара болмасын,

бірге жүруге тырысады. Қазанның жылы күзгі жексенбінде Балалар музыка мектебінде орналасқан референдум учаскесіне келіп, республикалық референдумда өз таңдауларын жасады. Ерлі-зайыптылар учаскіге немерелерді ертіп келді. Болашақ – жастардың қолында, ал дұрыс тәрбие, нақты бағыт-бағдар беру – ата-ананың міндеті, сондықтан азаматтық тәрбие отбасынан басталары даусыз.

### В день референдума в районе работал новый участок

Буландынский Центр оказания специальных социальных услуг для многих представителей старшего поколения, волею судьбы, стал местом, где они обрели уют, тепло и заботу. Здесь созданы все условия для комфортного и беззаботного проживания.



Продолжение на 3 стр.

## Балуан Шолақ – ұлт мақтанышы, дәуір данасы

Күллі қазақ даласының мақтанышына айналған Балуан Шолақ жайлы қанша айтып, қанша жазсаң да жарасады. Биыл дала серісінің 160 жылдығы түрлі шараларға толы болды. Соның бірі аудандық кітапхана өткізген «Әлке шежіресіндегі есім» атты әдеби-сазды композициялық кеш. Кеш Балалар жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілерінің қазақ күресінің тәсілдерін көрсетулерімен басталды. Кітапхана оқырмандары мектеп-гимназияның 9 «Ә» сынып оқушылары Балуан Шолақты сомдап, өлеңдерін оқып кештің көркін кіргізді. Жалпы іс-шараға: Аудандық Мәдениет бөлімінің бас маманы Орал Серікқызы Курумбаева, мұрағат директоры Бектас Темірғалиұлы Қожақанов, «Мамандырылған балар және жасөспірімдер спорт мектебі» басшысы Серік Мүбәрақұлы Шайкенов, қала мектептерінің тарих пәнінің мұғалімдері Нұрсұлу Карімқызы Жолтаева, Жанар Теңсел және Модельдік балалар кітапханасының оқырмандары мектеп-гимназияның 9 «Ә» сынып оқушылары Бейбарыс Бермахамбет, Куаныш Кихметова, Ерасыл Амангелді, Надира Омарова қатысты. Кеш қонақтары Балуан Шолақ жайлы өз ойларын ортаға салып, тарихқа шолу жасады. Балуан Шолақ жайлы бейнероликтер көрсетілді. Жиналған көпшілік «Балуан Шолақ» фильмінен үзінді тамашалады. Сондай-ақ, жас өнерпаздар Балуан Шолақ пен Ғалияның кездесуінен үзінді көрсетті. Балуан Шолақ атындағы мектептің музыка пәнінің мұғалімі Амангелді Айтұған «Ғалия» әнін орындады. Кеш соңында «Халықтың ұлы баласы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Қазақ сахарасын әнімен әлдилеп, серілігімен сәнін кіргізген Балуан Шолақ 1864 жылы табиғаты таңдайынды қақтыратын Тастыөзек ауылында, Қайрақты өзенінің жағасында дүниеге келген.

«Үш жүзге атым шыққан Балуан Шолақ,

Құдайым берді маған күшпенен бақ...»,- деп жырлаған Балуан Шолақтың Қайрақтының жағасында дүниеге келгені туралы дерек көп. Өткенге үңілсек бұл маңда бір кездері Үйсін, Жағалбайлы, Жалайыр, Алшын, Естек ауылдары болған. Жаңа айтқан Тастыөзек ауылы Үйсіндер жайлаған шұрайлы мекен болса керек. Жазушысы Сәбит Мұқановтың өзі еңбектерінде Балуан Шолақты Қайрақтының

жағасында дүниеге келген деп жазады. Балуан Шолақты бір кісідей зерттеген жазушы Естай Мырзахметов: «Балуан Шолақ Көкше өңірінде дүниеге келген»-дейді. Әкесі Баймырза ағаш шебері болса, анасы Қалампыр қарулы кісі болған. Қазақтың «Алып анадан туады»- дегені осы болар. Балалық шағында құрбыларымен алаудың жанында арқан тартып ойнап жүріп, өзі жалғыз барлық балаларға дес бермей қарсыласып отқа құлап қолының саусақтары күйіп қалған. Күйген саусақтары ұзаққа дейін жазылмай ақыры Шолақ атанады. Жастайынан белдескеннің белін үзіп, ерекше дарын-дарымен көзге түсе бастайды. Шауып келе жатып аттың үстінде басымен тік тұрып, біресе бауырынан өтіп күрделі цирктік көріністер көрсететін. Әуелете ән салатын әншілігі, қара өлеңнің қаймағын қалқып ішкен ақындығы, жаурыны жерге тимеген балуан екені жастайынан шартарапқа тарай бастады. Сұлу Көкшенің біртуар таланттары Ақан сері мен Біржан салды ұстаз көрген. Олардың әндерін нақышына келтіре орындап, жиын тойлардың сәнін кіргізген. Өзі де көптеген әндер шығарып, өскелең ұрпаққа мұра еткен. Солардың ішінде шоқтығы биік дара тұратын, ән төресі атанып кеткен Балуан Шолақтың «Ғалиясы» екені анық. Өкінішке орай бұл жерде де ел арасында жаңсақ пікірлер көп. Біреулер Ғалияны «Ғалия» емес ол орыстың қызы тек кейін келе Ғалия болып кеткен дейді. Әрине бұл қате. Ғалия – Тілеу атты дәулетті қазақтың үлкен әйелінен тараған қыз. Танымал зерттеуші Ахмет Жұбанов: «Замана бұлбұлдары» атты монографиясында «Ғалия қара сұлу келген, ат жақты, бетінде аздаған шешек дағы бар, жанары өткір, сөзге шешен, оң қолынан өнер тамған шебер адам болған. Бір кемшілігі алқымында шешектен қалған дақ көп болғандықтан тамағын орамалмен қымтап байлайтын әдеті бар»-деген. Шынайы махаббаттың үлгісін көрсетсе де Балуан Шолақ пен Ғалияны тағдыр қоспады. Бұл кезең қазақ даласын жаппай отарлау саясатының қарқынды жүріп жатқан шағына тұспа-тұс келген. Қазақтың шұрайлы жерлеріне түрлі өзге ұлт өкілдерінің шаруаларын қоныстандыра бастады. Жергілікті жұрт пен қоныс аударушылар арасында келіспеушілік, жанжалдар да бола бастады. Осы орайда Балуан Шолақ өзінің бойына біткен ерекше күш-қуатының арқасында қарапайым



халықтың намысын қорғады. Осыған байланысты оған түрлі жала жабыла бастады. Оны өзінің:

Мен өзім аққан судай тасып жүрмін,  
Кеудесін дұшпандардың басып жүрмін.

Жаласы сексен өгіз маған ауып,  
Ұлықтан сол себепті қашып жүрмін-деген өлең жолдарынан аңғаруға болады.

Балуан Шолақтың алып күш иесі болғаны туралы ел арасында не бір аңыз-әңгімелер жетіп артылады. Жастайынан балуан атануы да осы бойынша біткен ерекше күш-жігеріне қайысты болса керек. Күреске он төрт жасынан бастап араласқан Балуан Шолақ не бір алып қарсыластарын шаң қаптырды. Соның бірі бозбала шағында туысқанына еріп базарға келсе бір жаршының «орыс балуанымен күресетіндер бар ма?» деп жар салып жатқаны естиді. Бәсекеге бір қойдың бағасы 1 сом тігілген екен. Оны естіген Балуан Шолақ күреске болып ортаға ұмтылғанда киіміне шалынып құлап түседі. Осылайша бұл жолы күреспей-ақ ұтылады. Алайда намыс қысқан Балуан күреске болып ертеңінде базарға қайта келеді. Оны көрген орыс балуаны бірден белдесу бағасын 8 сомға көтереді. Оған қарамастан ашу қысқан Шолақ күреске шығады. Көзді ашып-жұмғанша әлгі орыс балуанын жерге алып ұрады. Осылайша Балуан Шолақтың дүйім жұрттың алдындағы алғашқы белдесуі аңыз болып ауыздан-ауызға тарайды. Ал, ерекше ел есінде қалған белдесуі орыстың атақты балуаны Севрмен күш сынасуы еді. Бұл шамамен батыр бабамыздың күш қайратының толыққан 20 жасында болған оқиға. Ол туралы:

Бұл күнде жиырмада менің жасым,  
Қамалдың бұзар кезім тау мен тасын.  
Кешегі сентябрьдің базарында,  
Көтердім елу бір пұт кірдің тасын.

Жиылып орыс-қазақ таң қалысты,  
Болды деп Қаһарманнан мынау басым.  
Залог сап жетпіс бес сом күрескенде,  
Сыңдырдым Карон балуан қабырғасын.

Күш берген, атақ берген, әлпештеген Туысқан өздеріңсің, бауырласым-дейді өз өлеңінде. Омбы қаласына патша мұрагерінің келу құрметіне өткізілген үлкен шара болатын. Балуан Шолақтың 51 пұт яғни 816 келіні көтергені де осы кез. Ал, 35 немесе кей деректерде 40 тан асқан шағында деп келеді жаурыны жерге тимеген орыстың балуаны Каронмен күш сынасып, оның қабырғасын сындырады. Бұлар тарихтан бізге жеткен Шөкең жайлы көптеген аңыз әңгімелердің бір бөлігі ғана. Ел ауызында қағаз бетіне түспей жүрген ерліктері қанша ма? Балуан Шолақтың өгізді көтергенін, жиырма жігіт жабысқан бөренені иығына асып тұра беретінін кітаптардан, газет беттерінен оқысам, жеті жасар өгізді сұлатқанын қазір Шөкеңнің шаңырағын ұстап отырған немересі Хайролланың өз ауызынан естіп едім. Осыдан бірнеше жыл бұрын ауданымызға белгілі жазушылар Ғазизбек Тәшімбаев мен Аян Нысаналы арнайы келіп, Балуан Шолақтың ата қонысы Тастыөзек ауылына барғанда қойын дәптерімді құшақтап бірге ере кеткенім бар еді. Алыстан ат арылтып келген меймандар Хайролланың шаңырағында болып, Балуан Шолақ жайлы әңгіме өрбітті. Сонда Хайролла осы бір оқиғаны баяндаған еді. Көршілес ауылдардың бірінде қалталы бір көсемнің жеті жасар өгізі болған екен. Көзіне көрінгеннің бәрін қиратып, сүзе беретін көрінеді. Оған ешкімнің қолы батпауы иесінің бет-беделі болар. Бір күні Шөкең құрдастарымен сол ауылға қонаққа барады. Ауылға жақындағандары сол-ақ екен алда-

рынан екі көзі оттай жанып әлгі өгіз шығады. Шөкең аттан түсіп өгізге қарсы жүреді. Адам сүзіп жаман үйренген өгіз Балуан Шолаққа тура атылады. Қасына жақындап келгені сол-ақ екен Шөкең жалаң қолымен өгіздің қақ маңдайынан бір-ақ ұрады. Өгіз сол жерде құлап, жан тапсырады. Құрдастарымен серлік құрып жүрген Шөкеңді ауыл болып күтіп, той қызығы тарқаған соң ауыл адамдары өгіздің қалай өлгенін көрмек болып бас сүйегін сойып қарайды, сонда жеті жасар өгіздің жұдырық тиген маңдай сүйегі сынып өлген екен. Осыдан-ақ сол кездегі қазақ даласына ағылған келімсектердің неге Балуан Шолақтың соңына түсіп, түрмеге қаматуға асық болғандарын түсіне бересің. Немерелерінің айтқан тағы бір әңгімесінде Балуан Шолақ қызы Бәткенді ұзатпақ болып той жасайды. Сол тойда көкпар тартпақ болған жігіттер үлкен ұлы Исаярдан серке сұрайды. Мұны естіген Шөкең: «кіп кішкентай жалғыз лақа кімнің тақымың толады. Одан да тана тартыңдар»- деп торпақты бауыздап береді. Әлгі жігіттер қанша намысқа тырысса да әлгі тананы тақымға баспақ түгілі жерден қозғалта алмайды. Мұны көрген Шөкең ақбоз атымен әлгі көкпарды үзеңгі бойы көтеріп, ауыл шетінде тұратын жесір әйелдің есігінің алдына апарып тастаған екен. Балуан Шолақтың бұл жердегі Ақбоз атының өзі бір әңгіме.

Балуан Шолақтың өмірі аудан тарихымен тығыз байланысты. Оның өмірін зерттеу өткенімізді тану. Әлихан Бөкейханов: «Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға бейім тұрады...»- деген еді. Жоғалмау үшін, жойылмау үшін тарихымызды түгендейік.

**З. ЖАЙНАРБЕК.**

## Бұландының тағы бір мақтанышы

Қарағайлы қайыңы көз тартатын Бұланды жері тарихта есімдері қалған даңықты тұлғаларға кенде емес. Бұл даланың жоғын жоқтап, мұңын мұңдап, жылылығын сезініп, ұлылығын жырлай білген сондай асылдардың бірі, бірегейі – Тұрсынбек Кәкішев. Бұланды баурайында дүниеге келген Тұрсынбек Кәкішевті дүйім жұрт белгілі әдебиетші, ғалым, сыншы, филология ғылымдарының докторы, халықаралық жоғарғы мектеп ғылым академиясының құрметті академигі ретінде жақсы таниды. Тұрсынбек Кәкішев саналы ғұмырын қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуге арнады. Әдеби сынды жаңа белеске көтеріп, тың сұрлеу салды десек артық айтқандық емес. Бір қуанарлығы парасатпайымы дара тұлғаның кіндік қаны тамған жер Бұланды ауданы. Өмір дерегіне үңілсек 1927 жылы 15 тамызда Ақмола облысы Бұланды ауданының Бөрлі ауылында дүниеге келген.

Ол жайлы көзі тірісінде берген сұхбат, жазбаларының бірінде: «Мен қазақ жерінің бір әдемі өлкесінде, Көкшетау облысы, Бұланды ауданының Алтынды деген кентінде туып өстім. Туған жерім Бөрлі – Швейцарияға бергісіз жер. Дүние жүзін аралаған уақытта табиғаттың ешбір көркемдігіне таң қалмаймын. Өйткені, туған жерім одан артық, Астанадан Бурабайға жол тартқан жолаушылар Көкшетаудың сұлулығына тамсанбай өтпейді»,- дейді.

Табанды еңбегінің арқасында ұрпаққа құнды мұра қалдыра білген қайраткердің еңбек жолына тоқталсақ: 1950 жылы Қазақ мемлекеттік университетін, 1960 жылы Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институтының аспирантурасын бітірген. 1944-1945 жылдары Ақмола облыстық Қазақ драма театрында актер, сол жылдары «Лениншіл жас» газетінде бөлім меңгерушісі. 1995-1998 жылдары Партия тарихы институтында, 1960-1968 жылдары Қазақ КСР ҒА-ның М.Әуезов атындағы өнер институтында ғылыми қызметкер. 1968 жылы КазМУ-де аға оқытушы, доцент, профессор болып қызмет істеді. Өскелең ұрпаққа білім беру ісі мұнымен аяқталған жоқ. Өмірінің соңына дейін жастарға білім беріп, шәкірт дайындап өтті.

Тұрсынбек Кәкішевті қазақ әдебиетінің бүгінгі алыбы, тау



тұлғасы дейтін де жөні бар. Өйткені еселі еңбек ете жүріп, елеулі дүниелер жазып, өлмес туындылар қалдырды. Мәселен әдеби сын тарихын зерттеген «Сын сапары», «Оңаша отау», «Ұштасқан үш өзенмен», «Жол үстінде 80 күн», «Жасампаз өлке», «Кер заманның кереғар ойлары» тағы басқа көптеген жинақтары мен кітаптары оқырманға ой салатын құнды дүниелер. Ал, «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты монографиясы қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарында оқулық ретінде қолданылып келеді. Сонымен қатар әдебиет сүйер қауым Тұрсынбекті Сәкен танушы ретінде жақсы біледі. Ғалым Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын зерттеп біршама кітаптар шығарды. Олар: «Сәкен Сейфуллин», «Қызыл сұңқар», «Сәкен және Гүлбаһрам», «Сәкеннің соты», «Тар жол тайғақ кешудің тағдыры», «Мағжан-Сәкен», «Сәбең әлемі» және тағы басқалары. Даңықты жерлесіміз жайлы айта берер болсақ атқарған қызметтері мен жазған еңбектері жетіп артылады.

Өзінен кейінгілерге: «Зиялы қауымсыз жүрер жолымыз даңғыл бола алмайды. Зиялысы келіспей ел оңбайды. Сондықтан бүгінгі қазақ зиялылары өзіне заман жүктеп отырған ұлы міндетті яғни елдің тәрбиешісі, ұрпақтың ағартушысы, ұлттың жоқшысы, қамқоры, халықтың жетекшісі, келешектің барлаушысы болу парызын орындауға тиіс»- деп өсиет айтып кеткен Тұрсынбек Кәкішев қазақ халқымен бірге мәңгі жасай береді.

**З. ЖАЙНАРБЕК.**

### Ұстаз

Ұстаз жолы сырлы жол,  
Халық оған сенетін.  
Білімнің өсте бірінші боп,  
Кіндігін алғаш кесетін.

Ұстазын сүйеді жеткіншек,  
Айтқандарын ұғып ап.  
Алдағы өмір келешек,  
Тәлімін жүрер еске сап.

Өнбойы пәктік, ізгілік,  
Адамдықты таңдаған.  
Бар ғұмыры үлгілі,  
Кірпіш боп өмірге қаланған.

Туын ұстап білімнің,  
Ұзақ жолын бастайды.  
Толықтырғанша шәкірті білімін,  
Ұстаз қажып, талмайды.

Ұстаздық жол қиын жол,  
Инемен құдық қазғандай.  
Еңбегінің берері көп,  
Егістің дәнін шапқандай.

Ұрпаққа болашақтың жолын ашу,  
Сенімді сөнбейтұғын сәуле шашу.  
Ұстаздың ең өзекті міндеті ол,  
Осылайша тасқа қашап жазу.

**Е. ҚАРАТАЙҰЛЫ, зейнеткер.**

### Мен – қазақпын

Танымасаң, танып ал, мен - қазақпын,  
Қонысым - кең, иығым - тең қазақпын,  
Қасиетті елі менен жерінде,  
Данасымен бірге жүзген қазақпын.  
Қазақпын - сары жайлауға қойын баққан.  
Қазақпын - серке салып, көкпар тартқан.

Қазақпын-дүрлідетіп, той жасатып,  
Құйқылжытып, ән салып, жыр толғатқан.

Қазақпын- талай-талай батыр туған,  
Қазақпын- жыр семсерлі ақын туған.  
Қазақпын- ою салып, өрнек қуып,  
Қыз айттырып, ұрын барып, салт сақтаған.

Қазақпын- жаумысың деп сұрамаған,  
Жауынан да бір жылқысын аямаған.  
Қылыштасқан жауына досына да,  
Төрінен орын беріп, жыр арнаған.  
Қазақпын- домбырада күйін төккен,  
Күй емес- ау бағзы заман сырын төккен.

Қазақпын- қыл қобызды күңіретіп,  
Ботасы өлген бозінгеннің мұңын төккен.

Қазақпын- күміс көмей әншісі бар,  
Қазақпын-қойын баққан малшысы бар.  
Қазақпын-он саусағын майыстырып,  
Тал шыбықтай бұралған бишісі бар.  
Біржан- Сара қазақпын ақын елмін,  
Абай-Пушкин қазақпын тату елмін.  
Хан Тәңірі қазақпын биік елмін,  
Қара домбыра қазақпын, күйші елмін.  
«Қазақпын» деп күллі жұртқа мақтанам,  
«Қазақпын» деп жас балаша шаттанам.

Асқақтаған Астананы куә қылып,  
Дүниенің төрткүліне жар салам.  
«Қазақпын» деп айта бергім келеді.  
Айтқан сайын бойыма жан кіреді.  
Мен - қазақпын, нағыз қазақ танып қой,  
Бүкіл әлем, күллі ғалам біледі.

**Б. АЙЖАРҚЫН, Макинск қаласының мектеп-лицейінің 10 А сынып оқушысы.**

## Все лучшее в человеке – от Учителя

продолжение. Начало на 1 стр.

Празднично украшенный зал, волнительные песни об учителе, теплые пожелания и добрые напутствия, аромат благоухающих цветов и красивые, восторженные лица виновников торжества... В такой обстановке, по устоявшейся традиции, чествовали представителей одной из самых сложных, востребованных и благородных профессий – педагогов района и ветеранов сферы на праздничном мероприятии, посвященном Дню учителя в школе-лицее г. Макинска.

Учитель, педагог, наставник... Это не просто профессионал своего дела, обуча-



ющий читать, писать и считать. Это Человек, который дает нам бесценные знания, главный носитель духовности и нравственного начала нации...

Никто не определит, с чего начинается творчество учителя, что становится толчком к той внутренней работе, которая ведет к рождению нового приема, варианта занятия, технологии обучения, педагогической идеи. И есть что-то волшебное и удивительное в сочетании профессиональных и человеческих качеств. В умении общаться с детьми. Слушать и слышать их вопросы. Только таких учителей с теплотой вспоминают всю жизнь благодарные воспитанники.

Педагогов района поздравил глава района Ардак Смаилов, отметив, что именно учитель всегда считался носителем культуры, а школа - очагом просвещения. В мероприятии также принял участие руководитель отдела лицензирования образовательной деятельности Департамента по обеспечению качества в сфере образования Акмолинской области Манат Абилямаженов, депутаты, руководители государственных учреждений.

Праздник – лучший повод выразить благодарность за труд достойной наградой. Церемония награждения прошла в несколько этапов: педагоги получили награды из рук акима района Ардака Смаилова, руководителя районного отдела образования Алии Жолдыгуловой и председателя профсоюза работников образования Карлыгаш Байтемировой.

Никакой праздник не должен обходиться без музыкальных подарков, поэтому на праздничной сцене в этот день виновникам торжества были посвящены вокальные, инструментальные и танцевальные композиции, а также поздравления в стихах от воспитанников детских дошкольных организаций.

Прекрасная встреча стала не только праздником слова и искусства, но и возможностью подчеркнуть важность учителей в нашей жизни и обществе.

А. АМАНЖОЛОВА.



## Референдум-2024: страна поддержала строительство АЭС

Продолжение. Начало на 1 стр.

Руководство и специалисты Центра делают все возможное, чтобы создать здесь максимально домашнюю атмосферу, согреть подопечных заботой, уважением и любовью. У каждого, кто здесь проживает, отдельная судьба, которую можно пересказать, как книгу.

Ранее для получателей услуг урны для голосования приносили из избирательных участков в определенное время. Однако, для удобства получателей услуг, в здании Центра оказания специальных социальных услуг Буландынского района в этом году впервые был открыт избирательный участок. Теперь здесь созданы все необходимые условия, в частности, для людей, имеющих инвалидность. Люди мудрого возраста по-особому ощутили день референдума, нарядно оделись для того, чтобы исполнить свой гражданский долг. Ведь впервые сам процесс голосования проис-



ходит в их родных стенах, а это уже повод для радости.

Процесс голосования в районе прошел в стабильной обстановке.

Нарушений законодательных норм не было выявлено. Это еще раз говорит о соответствующей подготовительной и системной работе, а также

ответственности буландынцев, которые были задействованы в подготовке и проведении референдума.

А. АМАНЖОЛОВА.

Более 5,5 млн казахстанцев проголосовали за строительство АЭС

В Центральной комиссии референдума озвучили финальные итоги республиканского референдума по вопросу строительства АЭС в Казахстане.

По итогам референдума, за строительство АЭС проголосовали 5 561 937 граждан или 71,12% от числа проголосовавших. 2 045 271 казахстанец отметили вариант «нет».

Informburo.kz.

## Творческие выставки на участках

В Аршалыском районе в рамках референдума были организованы выставки декоративно-прикладного искусства на всех 32 открытых участках для голосования. Эта инициатива привлекла внимание жителей и создала атмосферу творчества и культурного обмена, передает Региональная служба коммуникаций.

Выставки представлены работами местных мастеров, которые продемонстрировали свои таланты в различных жанрах – от живописи до резьбы по дереву.

«Мы решили, что важно не только дать людям возможность выразить свое мнение по важному вопросу, но и создать для них приятную и вдохновляющую атмосферу,» – рассказали организаторы

мероприятия.

На выставках все желающие могли не только насладиться искусством, но и пообщаться с авторами работ, узнать о процессе создания изделий.

Местные жители высоко оценили эту инициативу, подчеркивая, что такие мероприятия способствуют развитию культурной среды района и объединяют людей.

Выставки декоративно-прикладного искусства на участках в Аршалыском районе стали примером того, как можно сочетать важные общественные мероприятия с культурными инициативами. Таким образом, процесс голосования стал более насыщенным и интересным для всех участников.

## Ардақты ақсақал бірлік пен татулықты қолдайды

Ел үшін тарихи маңызы аса зор референдумда Қосшы қаласының ардақты ақсақалы, Ұлы Отан соғысының ардагері, жасы 100-ге жақындаған Нұрғасым Әжітаев та өз таңдауын жасап, №750 сайлау учаскесінде дауыс берді, – деп хабарлайды Aikyn.kz порталының тілшісі.

Өңірдің ең қарт тұрғындарының бірі Нұрғасым Әжітайұлы 1925 жылы бұрынғы Семей облысы (қазіргі Абай облысы) Абыралы ауданы Сарықамыс ауылында дүниеге келген. Жасы 100-ге тақаған қария 1943 жылдың 15 қаңтарында Жаңасемей аудандық әскери комиссариатының шақыруымен әскер қатарына шақырылады. Сол жылы Новосібір қаласының мергендер мектебін бітіреді. Курск доғасындағы шайқастарда авиациялық қызметте атқыштар қатарында соғысқан. Берлинді алуға жасалған шайқастарға да белсене қатысқан. Ерлік істері үшін «Жапонияны жеңгені үшін», «2 дәрежелі Отан соғысы», «Кеңес Одағының Маршалы Жуковтың» медалімен марапатталған.

Бүгінде 7 баласы, 10 немересі және 9 шөбересі бар ардақты қария әлі тың. Сайлау учаскесіне алғашқылардың бірі болып енген қария елдің ұрпақтың болашағы үшін дауыс бергенін жеткізді.

– Еліміздің амандығы, халқымыздың бірлігі мен татулығы – ең басты құндылық. Сондықтан бүгінгі тарихи күнде мен де өз таңдауымды жасау үшін референдумға келдім. Ең бастысы, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, – дейді ақсақал Нұрғасым Әжітаев.

А. АЛПЫСБАЙҰЛЫ.



# РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН – ИЗ ПОЧТЫ РЕДАКЦИИ

## Балалар әдебиетінің бәйтерегі



Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы 13 қазанда Алматы облысы Нарынқол ауданының Қостөбе ауылында дүниеге келген. 1949 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. Біраз жыл ауыл мектебінде мұғалім болып жұмыс істеді.

Б. Соқпақбаев журналистикамен көп айналысты, «Балдырған», «Қазақ әдебиеті» газет-журналдары редакцияларында қызмет етті. «Қазақфильм» киностудиясын-

да редактор болды. Оны үнемі бала тәрбиесі мен педагогика мәселелері толғандыратын. Б. Соқпақбаев шығармаларының көпшілігі өз өмірінен алынған.

Бердібек Соқпақбаевтың тырнақалды туындысы «Бұлақ» атты алғашқы өлеңдер жинағы 1950 жылы жарық көріп, оқырмандарын бірден тапты. Жазушының келесі кітаптары - 1951 жылы «Жекпе жек» повесі, 1953 жылы «Алыстағы ауылда» повесі жарық көрді. «Балалық шаққа саяхат» (1960 ж.) повесі жастық шақтың рухани әлемін көрсетеді. «Дала жұлдызы» (1960 ж.) кітабы қазақтың демократ ғалымы Шоқан Уәлихановтың өміріне арналған. «Өлгендер қайтып келмейді» романы (1 т.-1967 ж., 2 т.- 1974 ж.), «Аяжан» (1963 ж.), «Қайдасың, Гауһар» (1966 ж.) және т.б. әңгімелері жарық көрді.

Б. Соқпақбаев 1952 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Жазушыны танымал еткен «Менің атым Қожа» повесін 1957 жылы «Балалар әдебиеті» баспасы басып шығарды, кейін орыс тілінен әлемнің 68 тіліне аударылып және шетелде басылып шықты. Автордың сценарий бойынша туынды негізінде түсірілген осыған аттас фильмі Канн Халықаралық кинофестивалі сыйлығының иегері.

Қазақтың белгілі балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның еске алына-тын Күнтізбесіне енді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда жазушының 100 жылдығын мерекелеу басталды. Б. Соқпақбаевтың туған ауылы Нарынқолда ескерткіш орнатылып, жазушының есімі саябаққа, білім мекемелеріне, облыстық кітапханаға беріледі деп жоспарлануда.

nlrk.kz.

## Дінаралық диалог – бейбіт өмір кепілі

«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...» - Абай.

Еліміздегі барлық ұлттар тату өмір сүре отырып, бәсекеге қабілетті ел болуға күш саламыз. Бүгінгі таңда бірлігі қашқан елдердің экономикасы артқа кетіп, берекесі кеткен елдерді ұмытпай, этносаралық татулығымызды арттырып келеміз. Орыс ақыны И.Крыловтың «Аққу, шортан һәм шаян» мысалындағыдай ауызбіршілік болмай, біріміз суға, бірімізге көкке, енді біріміз шөлге тартсақ, тоз-тозымыз шығып, осы күнге жетер ме едік?! Әкеміздің қанымен, анамыздың ақ сүтімен дарыған бауырмашылдық, қарапайымдылық, адамгершілік, тәрбиелілік сияқты адами асыл қасиеттеріміздің арқасында көк аспан астында бірлігімізді сақтап отырмыз. Татулық бар жерде бірлік бар, бірлік бар жерде тірлік бар деген осы емес пе?!

Жоғарыда аталған осы бір қасиеттердің ешқашанда сәннен шықпайтыны да анық. «Кең болсаң, кем болмайсың» деген қазақ, адамдарды ешқашанда ұлтына, дініне, діліне, нәсіліне, жағдайына қарап бөлмеген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабында «Заң мен сот алдында бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп жазылған.

Осы кезде ұлы ақын Абайдың сөздері еріксіз көңілге оралады. «Адамның баласы – бауырың» деген сөзі де жеке дара болмай, көпшіл, қоғамшыл, халықпен бірге бол, тағдырың, мақсатың халыққа арналсын дегені. Сол сияқты, адамның баласының бәрі бір – біріне неге дос болмаққа деген сұраққа Абай бабамыз былай жауап тапқандай:

«Адам баласына адам баласының бәрі дос. Не үшін десен, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қауіпін, екі дүниенің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен». Ендеше ішкен суың, жұтқан ауаң, татқан дәмнің, басқан жерің, киген киімің, тұрысың мен жүрісінде

еш өзгешелігі жоқ адамзат баласы неге бір-біріне дос болмасқа?! Абай атамның бұл пікіріне қарсы шығар уәж жоқ. Меніңше, мүмкін де емес. Ендеше, Абайдың «адамға адам дос, бауыр» болуы керек деген ұлы қағидасын қалай әспеттесек те еш артықтығы жоқ.

«Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және сүй хақ жол деп әділетті...» - дей отырып, Абай Алланы сүйген адам бүкіл адамзатқа деген бауырмалдық сезімін қастерлеуі, хақтың жолы әділет екенін ұмытпауы және одан ауытқымауы қажет екенін ескертеді.

Осыған орай, Діннің атқаратын рөлі қандай? Діннің қоғам үшін алар орны ерек. Себебі, бейбіт өмір сүру - қоғамның басты қағидасы. Бұл үшін әр адамда сенім болады. Сенім бұл – дін. Дін – адамзат тарихы мен мәдениетінің құрамдас бөлігі. Әрбір дін әлемдік мәдениетке өзінің баға жетпес үлесін қосты.

Әлемде болып жатқан қақтығыстардың басты себебі де осы діни бөлінушілік. Күні бүгінге дейін діни көзқарастардың екі тараптылығы мен халықтардың бір-бірлеріне сыйластықпен қарамауларының нәтижесінде соғыс, жанжалдар көп. Әлемнің төрт бұрышында да діни соғыстар орын алған. Сондықтан, біздің мақсатымыз – жер бетінде татулық орнату.

Ішінара татулықты ғана көздемей, әлемдік достықты, дінаралық татулықты нығайту, қарым-қатынасты күшейтуді алға қоя отырып, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев дінаралық татулықты мәңгіге орнықтыру мақсатында 2003 жылы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін дүние жүзі тарихында алғаш рет қазақ даласында ұйымдастырды. Бұл бастаманы әлемнің өзге де аса ықпалды саясаткерлері қолдады. Олардың пайымдауынша, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары арасындағы сенім мен өзара түсіністікке негізделген диалог осы саладағы халықаралық ынтымақтастық үшін кең мүмкіндіктерге жол ашады және экстремизм, терроризм сияқты құбылыстарды еңсеруге ықпал ететін

болады. Отанымыздың «дінаралық үнқатысу, өзара үндестік» деп әлемді татулыққа шақырғаны үлкен жаңалық болғаны анық. Осы орайда Елордамызда салынған «Бейбітшілік және келісім сарайы» архитектурасының өзі: «Әлемнің төрт бұрышы бір күмбездің астында бірігіп, достықты, бірлік пен бейбітшілікті сақтайық» деп айтып тұрғандай.

Әр үш жыл сайын өтетін Дүниежүзілік және дәстүрлі дін басшыларының съезі тәуелсіз Қазақстан тарихында ғана емес, әлемдегі аса ірі іс-шаралардың бірі болды. Съездің басты мақсаттары: адам тіршілігінің мызғымас қағидаттары ретінде бейбітшілікті, келісім мен төзімділікті қабылдау, діндер, конфессиялар, ұлттар мен этностар арасындағы өзара сыйластық пен төзімділікке қол жеткізу, адамдардың діни сезімін кикілжіңдер мен әскери іс-әрекеттерді ушықтыру үшін пайдалану талпыныстарына қарсы тұру.

Содан бері 20 жылдан артық уақыт өтті. «Елу жылда ел жаңа» демекші, осы уақыт ішінде жеті рет дәстүрлі діндер көшбасшыларының кездесуі өтіп, дүние жүзінде дінаралық келісімнің өркен жайғанын, өркениеттердің өзара үндестік тапқанын байқауға болады. Ағымдағы жылдың 8-9 қазан күндері Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің XXII хатшылығы және жас діни лидерлер форумы өтеді. Отырыстың күн тәртібінде VII Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінде қаралған әлеуметтік теңсіздікті жою, халықтың бай және кедей жіктерінің арасындағы алшақтықты қысқарту, лаңкестікке қарсы іс-қимылды жалғастыру, дінді саяси мақсатта пайдалануды қысқарту және қақтығыстарды күш қолданбай, бейбіт жолмен шешу туралы атқарылған жұмыстардың қорытындылары бойынша пікір алмасу, сондай – ақ VIII Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің күн тәртібі талқыланбақ. Ал Жас діни лидерлер форумының мақсаты әртүрлі конфессиялардың, халықаралық және қоғамдық ұйымдардың, жас ғалымдар мен саясаткерлердің жас өкілдерін қазіргі заманның өзекті мәселелерінің шешімдерін іздеуге, сондай-ақ сабақтастықты қамтамасыз етуге және дәстүрлерді сақтауға, дінаралық және мәдениетаралық диалог және рухани дипломатияны кеңінен тартуға бағытталған. Өйткені, бүгінде жастар тәуелсіз қазақ елінің басты басымдықтарының бірі болып табылады. Жастарға ерекше көңіл бөлінген және олардың инновациялық әлеуетін тиімді қолданған жағдайда мемлекет саяси және экономикалық табыстарға жетеді деген сенімдемсі!

**Б. КАСЕНОВ, Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды дамыту және талдау орталығы» КММ басшысы.**

## Болашақ ұрпақ

Болашақтың біз ғой мынау тірегі, Үміт артар сан тұлғаның жүрегі. Адалдық пен білім жарық көрсетер, Бұл да қазақ жандарының бір емі. Жанға жағар ұрпақ болса саналы, Белестердің жеткізбес ол қамалы. Оларменен ел көркейіп, көгерер, Жақсылыққа жақын қыл дара баланы. Өнер, білім сенің болар жолдасың, Жан дүниенің ақыл, сана қолдасың. Шыншылдық пен батылдықты серік қып, Жан-жағыңды адал жандар торласың. Білімді бол, ізгі ойға жақын бол, Туған жердің жүрегінде мақұл бол. Өнеге алып ата-баба рухынан, Өзің де бір өркен жаяр дақыл бол. Сендер үшін мөлдір аспан ашылсын, Бейбіт күнде шырақтарың шашылсын.

Аспанымда жарқырайтын күн болып, Тәуелсіз ел гүлдеп мәңгі жасасын. Әрбір биік сендер үшін мән болсын, Еңбекпенен адалдықпен сән болсын, Армандарың биік болып әрдайым, Болашақта жетістіктер мол болсын. Ұрпақтар ғой еліміздің асылы, Сендерменен жарқырайды ғасыры. Еркіндіктің ертегісін сендер сүй, Бақытты елдің сендер болар наз-сыры!

**«Қараөзек орта мектебі» КММ-нің 7 «А» сынып оқушысы: Ләззат ХЫЗЫРБЕКҚЫЗЫ. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Э. Д. САҒНАЕВА.**



## Құрметті аудан тұрғындары және қонақтар!

Сіздерді 19 қазан күні сағат 10.00-де орталық алаңда өтетін «Күз тартуы» ауыл шаруашылық жәрмеңкесіне шақырамыз.

\*\*\*

## Уважаемые жители и гости района!

Приглашаем вас на сельскохозяйственную ярмарку «Дары осени», которая состоится 19 октября в 10.00 на центральной площади.


## WorldSkills-2024: знай наших!

Впервые в истории Национальная сборная добилась выдающегося успеха на 47-ом международном чемпионате рабочих профессий WorldSkills во французском Лионе, завоевав 7 медальонов отличия. Нашу страну представили 32 участника и 30 международных экспертов по 30 компетенциям, сообщает Министерство просвещения РК. Всего в международном чемпионате профессионального мастерства WorldSkills Lyon 2024 приняли участие около 1 500 студентов колледжей из 69 стран.

ortcom.kz.



КАЗАХСТАНСКИЕ СТУДЕНТЫ КОЛЛЕДЖЕЙ ПРОИЗВЕЛИ ФУРОР НА МИРОВОМ ЧЕМПИОНАТЕ РАБОЧИХ ПРОФЕССИЙ WORLDSKILLS – 2024



# АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

## Команда «Буланды» – лидеры турнира по мини-футболу!

